

ӨОЖ 151.8:159.9

С.М. Джакупов, Н.Қ. Тоқсанбаева, Н.С. Жұбаназарова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, г. Алматы

E-mail: satybaldy.zhakupov@kaznu.kz

Бірлескен іс-әрекет психологиялық зерттеулердің пәні ретінде

Аңдатпа. Мақалада бірлескен іс-әрекеттің ерекшеліктері психологиялық зерттеудің пәні ретінде қарастырылған. Бірлескен іс-әрекеттің жүйелік негізі ретінде мақсатқұрылым процестері анықталған. Бірлескен іс-әрекеттің жетекші факторы болып қарым-қатынастың құрылымдық функциясы көрсетілген. Психикалық функциялардың дамуы түрлі функциялардың жетілуі жолымен емес, ал едәуір күрделі іс-әрекеттерді реттеуге мүмкіндік беретін олардың жүйелерге бірігуі жолымен жүретініне көңіл аударған болатын. Осылайша ол психологиялық жүйелердің құрылуының маңызды сәттерінің бірі ретінде эмоциялар мен бағдарлардың байланысына тура көрсетті. Өзін-өзі реттеуге деген қабілеттің қалыптасуы бір субъектіде бұрын екі субъекті арасында бөлісілген қызметтің қосылуы процесінде жүзеге асады деп есептеуге болады. Қарым-қатынас ақпараттық жалпы қорды ғана қамтамасыз етпейді. Сонымен қатар мағыналық құрылымдардың жалпы қорын қалыптастырады және дамытады.

Түйін сөздер: бірлескен іс-әрекет, қарым-қатынас, мақсат құрылым процестері, мағыналық құрылым процестері, ақпараттық жалпы қор, мағыналық құрылымдардың жалпы қоры.

Ғылыми зерттеудің пәні және категориясы ретінде бірлескен іс-әрекет қазіргі психологияның жүйесінде әлі күнге дейін өзінің лайықты орнын алған емес. XX ғасырдың бірінші жартысында көрнекі ғалым В.М. Бехтерев өзінің ұжымдық рефлексологиясы шеңберінде зерттеушілерді адамның ұжымдық, бірлескен іс-әрекет жағдайында орындайтын бірдей іс-әрекеттің нәтижелерінің онымен дербес орындалатын іс-әрекет нәтижелерімен сәйкес келмейтіні жөніндегі фактіге назар аударған. Кейіннен осыған ұқсаса фактілер америкалық әлеуметтік психологтарымен XX ғасырдың екінші жартысында көптеп сипатталды және бұл құбылыстар «коакция» және «интеракция» деп аталды. Бірінші жағдайда адамның жанында басқа біреудің бар болуына байланысты іс-әрекет өнімділігінің жоғарылауы жөнінде сөз болса, ал екінші жағдайда өзінің жеке-дара дербес іс-әрекетіне қарағанда, интеракция жағдайында (өзара әрекеттесу, бірлескен әрекет) іс-әрекет нәтижелілігінің едәуір жоғарылауы жөнінде сөз болады.

XX ғасырдың 70-жылдарының басынан

80-жылдардың аяғына дейін интеракцияның бірлескен іс-әрекет субъектісінің өзінің даму деңгейінен тәуелділігін анықтаған интеракция феноменіне байланысты бірқатар зерттеулер жүргізілді. Соңғысының ең жоғарғы даму деңгейі «ұжым» ұғымымен анықталды. Ұжымдық іс-әрекет формаларына тән «жоғарғы нормативті іс-әрекет» феномені сипатталды [1]. Мұның өзінде ұжымдық іс-әрекет бірлескен іс-әрекет дамуының жоғары деңгейі ретінде көрініс тапты. Бірақ бірлескен іс-әрекет жағдайында қалай болса да адам белсенділігінің сапалы өзгерістерімен байланысты болатын түрлі психикалық процестерді жарты ғасырдан астам уақыт бойы қарастыруға қарамастан, бірлескен іс-әрекеттің өзі ерекше психологиялық феномен ретінде арнайы зерттелген жоқ.

70-жылдардың аяғы мен 80-жылдардың басында, ең алдымен, «Философия сұрақтары», ал содан кейін барып, «Психология сұрақтары» мен «Психологиялық журнал» беттерінде әйгілі кеңес психологтары А.А. Леонтьев пен Б.Ф. Ломовтың арасында психология тәжірибесіне жаңа категорияларды енгізу қажеттілігі жөнінде қызу

пікірталас жүрді. Б.Ф. Ломов «қарым-қатынас» категориясын енгізу қажеттілігі жөнінде айтты. Оның пікірінше, бұл категория сол кездерде кеңестік психологияда үстем болған «іс-әрекет» категориясымен тең дәрежеде психикалық құбылыстарды сипаттауда психологияның категориалдық-ұғымдық аппаратын кеңейте алады. Ол бұл жерде психологияда «индивидтің іс-әрекетіне қосылған процестердің бүкіл динамикасы «субъект-объект» қатынасы шеңберінде ойнайтын ретінде қарастырылатынын итермеленді. Берілген іс-әрекетті атқаратын индивидтің басқа индивидтермен өзара әрекеті жақшаның сыртына шығарылады. Жалпы психологиялық теорияның әрі қарай құрастырылуы индивидтердің бір-бірімен қарым-қатынасы жағдайында өтетін *бірлескен іс-әрекетін* талдауға көшуді талап етеді [2]. Кейіннен Б.Ф. Ломовтың тұжырымдамасы шеңберінде жүргізілген зерттеулерде негізгі ықпал қарым-қатынас жағдайында қалыптасатын және дамитын әртүрлі психикалық құбылыстарды, соның ішінде психикалық процестерді зерттеуге жасалды. Ал бірлескен іс-әрекет арнайы зерттеу пәніне айнала алмады.

А.А. Леонтьев «іс-әрекеттің әлеуметтік детерминациясынан» шыға отырып, қарым-қатынасты ерекше іс-әрекет түрі ретінде қарастырды және сондықтан психологияның ғылыми аппаратына қарым-қатынас категориясын енгізуді қажет деп санамады. «Қарым-қатынасты іс-әрекеттің бір түрі ретінде қабылдай отырып, біз іс-әрекеттің психологиялық теориясы қарым-қатынасты талдауда сәтті қолданыла алатынын көре аламыз» [3]. Мұндай тұрғыда бірлескен іс-әрекет психологиялық зерттеудің шеңберінен мүлдем шығарылды. «Түсініспеушілікті тудырмау үшін бұл мәселенің екі жақты қойылатынын айқындайық: а) қарым-қатынас өндірістік, рухани, эстетикалық және т.с.с. қатарында ерекше әлеуметтік іс-әрекет түрі болып табыла ма? б) қарым-қатынас іс-әрекеттің дербес молярлық бірлігі болып табыла ала ма? Мәселенің бірінші жағына байланысты айтылған пікірлерді қозғамай, біз тек екіншісін ғана талдаймыз», – деп атап көрсетеді А.А. Леонтьев [3].

Мәселенің қазіргі талдауында біз психологиялық сөздіктегі бірлескен іс-әрекет анықтамасын пайдаланатын болсақ, ол жерде ол «материалдық және рухани мәдениеттің

объектілерін мақсатты түрде өндіруге (қайта өндіруге) бағытталған өзара әрекеттесетін индивидтердің белсенділігінің ұйымдасқан жүйесі» болып анықталады [4]. Бірлескен іс-әрекеттің айрықша белгісі ретінде мақсаттың – яғни ортақ қызығушылықтарға жауап беріп, бірлескен іс-әрекетке қатысушы индивидтердің әрқайсысының қажеттіліктерін жүзеге асыруға ықпал ететін бірлескен іс-әрекеттің алдын ала болжанатын нәтижесінің болуы ерекше атап көрсетіледі. Мұның өзінде мақсатқа бірлескен іс-әрекеттің құрылымдаушысы рөлі беріледі, себебі мақсат бірлескен іс-әрекет нәтижесінің алдығы бейнесі және оның бастапқы мезеті болып табылады. Әрі қарай қатысушылар арасындағы бірлескен іс-әрекетті мақсаттың сипаты, сондай-ақ оған жету тәсілдері және жағдайлары негізінде бөлісудің шарты атап өтіледі.

Психологиялық әдебиеттерде бар бірлескен іс-әрекет жөніндегі анықтамалардағы қандай да бір айырмашылықтарға қарамастан, олардың барлығы бірлескен іс-әрекеттің қажетті белгілерінің бірі ретінде қатысушылардың алдында бірдей, ортақ мақсаттың болуы жөнінде сөз болуымен ұқсас келеді. Алайда, өкінішке орай, бірлескен іс-әрекеттің ортақ мақсатын қалыптастыру мәселесі көпке дейін арнайы психологиялық зерттеулердің пәні болып табылмады. Сонымен қатар, «ортақ мақсат қалай құрылады және онымен жеке-дара мақсаттар қалай қатыстырылатыны жөніндегі сауал бірлескен іс-әрекеттің психологиялық зерттеуінде негізгі болып табылады. Оны шешуге байланысты тұрғы әлі құрастырылған жоқ», – деп атап көрсетеді өз монографиясында Б.Ф. Ломов [5].

Басқаша айтқанда, ортақ мақсатты қалыптастыру жөніндегі сауалды шешуде бірлескен іс-әрекеттегі мақсатқұру мәселесі орталық болып табылады. Жағдай бірлескен іс-әрекет психологиялық феномен ретінде тек процессуалдық түрде ғана бар болатынымен қиындайды. Егер жеке-дара іс-әрекетті оның негізгі инвариантты сипаттамаларын сақтаумен бірге сан-алуан рет қайталап, жаңғырта алсақ, ал бірлескен іс-әрекеттің жиынтық субъектісін құрайтын өзара әрекеттесетін индивидтердің инвариантты параметрлерінің инварианттылығын қамтамасыз ету бірлескен іс-әрекетте мүмкін емес. Сондықтан бірлескен іс-әрекетті адекватты зерттеудің бірден бір жолы – ол ортақ мақсатты

қалыптастыру процесін – яғни бірлескен іс-әрекеттің әрі қарай сәтті қызмет етуі мен дамуына жағдай жасайтын бірлескен іс-әрекеттегі мақсат құруды зерттеу. Мақсат құру процесі бірлескен іс-әрекеттің ішкі, нақты психологиялық жағы ретінде, бірлескен іс-әрекетті сыртқы, тікелей бақыланатын жағынан құрайтын жекедара іс-әрекеттер мен әрекеттердің синтезі мен құрылымдау процесін анықтайды.

Бірлескен іс-әрекеттегі мақсат құру сияқты өзекті, маңызды және күрделі мәселені шешуге байланысты тұтас тұрғыны құрастыруға тырыспай, біз ең басынан бастап, мүмкін болатын тұрғылардың қатарында өз зерттеуіміздің орнын анықтағымыз келеді. Жүйелік талдау принциптеріне сүйену бірлескен іс-әрекеттегі мақсат құру мәселесін шешуге мүмкіндік беретін тұрғылардың ішінде кем дегенде, үш негізгі деңгейді айқындауға мүмкіндік береді.

Біріншісі, талдаудың едәуір жалпы деңгейі мета-деңгей деп атала алады. Бұған бірлескен іс-әрекеттегі мақсат құру мәселесін қою мен құрастыруға ең жалпы теориялық-әдіснамалық талаптар анықталынатын жалпы философиялық және жалпыәдіснамалық сипаттағы еңбектерді жатқызуға болады. Біз А.А. Леонтьев [3] пен Б.Ф. Ломовтың [2], [5] еңбектері жөнінде айтып отырмыз.

Талдаудың екінші деңгейі – макро-деңгейге – психологияның негізінен қолданбалы салаларында және ең алдымен, әлеуметтік психологияда жүзеге асырылатын жеке-теориялық және жалпы әдістемелік сипаттағы жұмыстар кіреді. Бірақ бірлескен іс-әрекеттегі мақсат құру мәселесі әлеуметтік психологияда әлі нақты қойылмағанымен, бірлескен іс-әрекеттің негізгі сипаттамаларының бірі ретінде ортақ мақсаттың болуы қабылданатын барлық зерттеулерде ол имплицитті түрде көрініс тапты [6], [7]. Бұл жұмыстарды бірлескен іс-әрекеттегі мақсат құру мәселесін әлі зерттелушілердің өзімен саналанбағанымен, оны құрастыру жолындағы бірінші кезең ретінде қарастыруға болады. Бірақ дәл осы әлеуметтік психологтардың жұмыстары бірлескен іс-әрекетті құрылымдаудың нақты механизмдерін теориялық және эксперименттік зерттеуге негізгі талаптарды белгілеуге мүмкіндік берді.

Үшінші талдаудың микро-деңгейі бірлескен іс-әрекеттегі ортақ мақсатты құру процесінің өзін зерттеуге бағытталған біздің

зерттеулеріміздің шеңберінде жүзеге асырылды [8]. Мақсат құру процесін бірлескен іс-әрекетте қарастыру мағынасындағы мақсат құру процесін қарастыруда *принципиалды жаңа тұрғыға* деген қажеттілік неге байланысты пайда болды?

Бұл сауалға жауапты тек мақсатқұрудың генезисін қарастыруға бет бұрғанда ғана табуға болады. Ол үшін «мақсатқұрудың «жасаушысын», шарттарын табу үшін әрекеттің психологиялық сипаттамасына қайтып оралу қажет», – деп атап өткен О.К. Тихомиров [9]. Мұндай жағдайда берілген мәселеге байланысты ғылыми тұрғы ең алдымен, әрекеттің генезисін, пайда болу бастамасын қарастыруды қажет етеді. «Қалайша әрекеттің туындауы, яғни іс-әрекеттің заты мен оның мотивін ажырату пайда болады? Мұның өзі табиғатқа бірлескен ұжымдық әсер ету процесі жағдайында мүмкін бола алатыны айқын» [10].

Бәрімізге мәлім Л.С. Выготский нақты психологиялық зерттеуге адам психикасы табиғатының тарихи идеясын, қоғамдық-тарихи және онтогенездік даму барысында психикалық процестердің табиғи механизмдерінің түрленуі идеясын ең алғаш енгізді. Түрлендіру адаммен оның қоршаған адамдармен қарым-қатынасы барысында адамзат мәдениетінің өнімдерін игеруінің қажетті нәтижесі ретінде ұғынылды.

Іс-әрекеттің психологиялық теориясын құрастыруда А.Н. Леонтьев былай деп көрсетеді: «... сыртқы арнайы адамдық психологиялық процестер тек қана адамның адаммен өзара әрекеті барысында ғана туындай алады және содан кейін барып, индивидтің өзімен дербес орындалады; мұның өзінде олардың кейбіреулері өзінің бастапқы сыртқы формасын жоғалтып, интрапсихикалық процестерге айналады» [11]. Психологияның классиктерімен қоғамдық-тарихи және онтогенездік даму барысында психикалық процестердің генезисінің әлеуметтік контексті арнайы атап көрсетілді. Бұл контекст мақсат құрудың онтогенездік дамуының негізгі заңына сәйкес О.К. Тихомировтың мақсатқұруына байланысты нақтыланған болатын: «... ең басында адамдар арасында бөлісілген мақсат қою мен оларға жету, содан соң барып, бір адамның іс-әрекетінде бірігеді» [9].

Осылайша, бастапқыда, адамдар арасында бөлісілген мақсатқұру мен мақсатқа жету процестерінің және кейіннен олардың бір адамның іс-әрекетінде бірігуінің эксперименттік

зерттеуі бүкіл мақсат құру мәселесінің орталық міндеті болып табылады. Сонымен бірге, бұл жерде көп нәрсе әлі түсініксіз болып қалады, себебі қалайша «бір адамның іс-әрекетінде бастапқыда адамдар арасында бөлісілген мақсатқұру мен мақсатқа жету процестері бірігеді...» [9].

Жоғарыда қарастырылған жұмыстарда берілген сауалға жауап тек ең жалпылама түрде берілген. Оның мәні жаңа мақсаттарды тудыру процесі болып түсінілетін мақсат құру интерпсихикалық құрылымның әрекеттерді тудыру процесінің бейнелеуі болып табылатынында. Әрекеттер адамның адаммен өзара әрекетінде, интериоризация процесі барысында сыртқы практикалық іс-әрекетте қалыптасып, ішкі, психикалыққа «айналады». Әрі қарай, психикалық «жеке-дара» әрекеттер жаңа әрекеттерді «тудыру» процесіне қосылып, өз алдына интрапсихикалық жоспарда мақсат құру ретінде бейнеленеді.

Алайда жаңа әрекеттерді «тудыру» процесі қалай жүзеге асатыны түсініксіз болып қалады, себебі әрекеттердің интериоризациясы әрекеттің тууын қамтамасыз еткен қажеттілік-мотивациялық кешеннің интериоризациясы болып табылады. Жаңа әрекеттерді «тудыру» процесі субъектінің өзін-өзі реттеу қабілетінің салдары болып табылады, яғни субъект жаңа мақсаттарды өзі дербес қоя біліп, мақсатқа жету барысында іс-әрекетті бағалай және түзете алады, сонымен бірге интериоризация процесінде бұрын игерілмеген жаңа әрекеттерді өндіре алады. Ескеретін жағдай, «кейде «интериоризация» ұғымын оның мәнін тар ететін іс-әрекеттің сыртқы физикалық жоспарынан оның ішкі, идеалдық жоспарына ауысу ретінде ғана түсінеді» [12]. Ал біз интериоризация ұғымының астарында тек қана «практикалық-идеалдылық» жазықтығында ғана емес, сонымен қатар «әлеуметтік (бірлескен) – жеке-дара» жазықтығындағы түрленулерді де ұғынамыз.

Өзін-өзі реттеуге деген қабілеттің қалыптасуы бір субъектіде бұрын екі субъекті арасында бөлісілген қызметтің қосылуы процесінде жүзеге асады деп есептеуге болады. Осылайша, онтогенезде ересек пен бала арасындағы өзара әрекет былайша іске асады: бағалау және түзету функциялары ересекте, ал орындау қызметі балада болады. Бала әлі өз іс-әрекетін орындау барысында оны бағалай да, түзете де алмайды. Онда тек бағыты мен мазмұны ересекпен көрсетілетін белгілі бір әрекеттерді орындауға

деген дайындығы ғана болады. Мұның өзінде әрекет ететін бала өз әрекеттерінің мағынасын да, құндылығын да, жететін мақсаттың мәнділігін де түсіне алмауы мүмкін. Сондықтан сыртқы, заттық әрекеттердің интериоризациясы мағыналардың, құндылықтардың, бағалардың интериоризациясын білдірмейді. Нақты осыдан да, тұлғаның мағыналық құрылымдарының даму мәселесі ерекше мәнге ие болмақ.

Сондықтан да сөз тұлғаның сапалық өзгерісі жөнінде болмақ. Бұл өзгерістің мағынасы балада бар әрекет жасауға деген тенденциясының эмоциялық-бағалаулық ынталандыру механизмімен қосылуында. Адамның психикасында дәл осындай байланыстың қалыптасуы өзін-өзі реттеуге қабілетті іс-әрекет субъектісі болуға мүмкіндік береді [13]. Дәл осыған психикалық функциялардың дамуы түрлі функциялардың жетілуі жолымен емес, ал едәуір күрделі іс-әрекеттерді реттеуге мүмкіндік беретін олардың жүйелерге бірігуі жолымен жүретініне көңіл аударған болатын. Осылайша, ол психологиялық жүйелердің құрылуының маңызды сәттерінің бірі ретінде эмоциялар мен бағдарлардың байланысына тура көрсетті.

Бір адамның іс-әрекетінде мақсат құру мен мақсатқа жетудің бірігу процесінің зерттеуі негізгі біріктіруші фактор – қарым-қатынастың арнайы талдауын қажет етеді. Себебі қарым-қатынас арқылы бірігу индивидтердің іс-әрекеті процесінде жүзеге асады. Сондықтан да басты міндет бірлескен іс-әрекеттегі мақсат құруды талдау болып табылады. Осылайша, мақсатқұруды зерттеулердің даму логикасы оның жеке-дара іс-әрекеттегі зерттеуінен оны бірлескен іс-әрекетте зерттеуіне ауысуына алып келеді, себебі бұл мақсат құруды зерттеуде жаңа мүмкіншіліктерді, әсіресе оның әлеуметтік және онтогенетикалық аспектілерін ашады.

Әдебиеттер

1 Немов Р.С. Сверхнормативная деятельность как выражение активной социальной позиции коллектива и личности // Вопросы психологии. – 1985. – №4. – С. 93-101.

2 Ломов Б.Ф. Общение и социальная регуляция поведения индивида // Психологические проблемы социальной регуляции поведения. – М., 1976. – С. 68.

- 3 Леонтьев А.А. Деятельность и общение // Вопросы философии. – 1979. – №1. – С.121-132.
- 4 Психология. Словарь / под общ. ред. А.В. Петровского, М.Г. Ярошевского. – М., 1990. – 94 с.
- 5 Ломов Б.Ф. Методологические и теоретические проблемы психологии. – М., 1984. – 335 с.
- 6 Андреева Г.М. Социальная психология. – М., 2007. – 416 с.
- 7 Донцов А.И. Психология коллектива. – М., 1984. – 208 с.
- 8 Жакыпов С. Оқыту процесіндегі танымдық іс-әрекет психологиясы. – Алматы, 2008. – 216 б.
- 9 Психологические механизмы целеобразования / под ред. О.К. Тихомирова. – М., 1977. – 258 с.
- 10 Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики. – М., 1972. – 575 с.
- 11 Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М., 1975. – 304 с.
- 12 Асмолов А.Г. Личность как предмет психологического исследования. – М., 1984. – 105 с.
- 13 Выготский Л.С. Собрание сочинений: в 6-ти т. – Т.3. Проблемы развития психики. – М., 1983. – 368 с.

С.М. Джакупов, Н.К. Токсанбаева, Н.С. Жубаназарова

Совместная деятельность как предмет психологического исследования

В статье рассмотрены особенности совместной деятельности как предмета психологического исследования. В качестве системообразующей основы совместной деятельности выделены процессы целеобразования. Выявлена специфическая функция общения как ведущего структурирующего фактора совместной деятельности. Процессы общения обеспечивают не только формирование общего фонда информации, но, прежде всего, формирование и развитие общего фонда смысловых образований.

Ключевые слова: совместная деятельность, общение, целевой структурный процесс, смысловой структурный процесс, общий информационный фонд, общий смысловой структурный фонд.

S.M. Dzhakupov, N.K. Toksanbaeva, N.S. Zhubanazarova

Joint activity as subject of psychological research

This article reviews the particularities of joint activity as the subject of psychological research. The processes of goals formation are underlined as the system-forming backbone of the joint activity. Specific function of communication as of the leading structure-forming factor of joint activity is evidentiated. Processes of communication not only provide formation of the common fund of information but before that the formation and development of common fund of semantic formations.

Keywords: joint activity, communication, target structural process, semantic structural process, general information fund, general semantic structural fund.